



№41 «Назерке» бөбекжай- балабақшасы

**Музыкалық тәрбие беруден ұйымдастырылған
оқу-іс әрекетінің перспективті жоспары.
2025-2026 оқу жылы
Ересек тобы**

Музыка жетекшісі: Жоламанова З.М

Ақтөбе 2025ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі оқу бағдарламасы негізінде 2025 -2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: Ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i> 1 Сәлем, балақай!» 2 «Сықырлы музыка әлемі» 3 «Менің достарым» 4 «Ән-күй шежірем»	-Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын соңына дейін түсінуге үйрету; -Ән айту дағдыларын дамытуда сөздерді анық айтуға қалыптастыру; -Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету; -Музыкалық аспап сыбызғымен және сыбызғы аспабының дыбысталуымен таныстыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i> 1 «Менің туыстарым» 2 «Менің әжем» 3 «Жомарт күз» 4 «Күзгі жаңбыр»	-Музыка тыңдауда музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету; -Ән айту дағдыларын дамытуда ре(ми)-ля(си) диапазонында ән айтуға үйрету, дауысын жатықтыру; -Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау; -Музыкалық металлофон, барабан аспаптырмен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	<p>Музыка</p> <p><i>Аптасына 1 сағ</i></p> <p>1 «Тазалықты сақтайық»</p> <p>2 «Гүлдене бер, Астана»</p> <p>3 «Жомарт өлкем»</p> <p>4 «Табиғатқа саяхат»</p>	<p>-Музыка тыңдауда музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбыстарын ажырата білуді жетілдіру;</p> <p>-Ән айту дағдыларын дамытуда барлығымен бір қарқында әнді таза айтуға, әнді барлығы бірге бастап бірге аяқтауға үйрету;</p> <p>-Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау;</p> <p>- Музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	<p>Музыка</p> <p><i>Аптасына 1 сағ</i></p> <p>1 «Қазақстан - Республикам менің»</p> <p>2 «Егеменді елім»</p> <p>3 «Қысқы ойындар»</p> <p>4 «Жаңа жылдың сыйлығы»</p>	<p>-Музыка тыңдауда түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру, әннің мазмұнын түсіну;</p> <p>-Ән айту дағдыларын дамытуда әннің сипатын жеткізе білуге (көңілді, созып, ойнақы айтуға) үйрету;</p> <p>-Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p>

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка Аптасына 1 сағ 1 «Қысқы вальс» 2 «Зырлайды шанамыз» 3 «Сандықтағы көңілді аспаптар» 4 «Айнала ақша қар»	- Музыка тыңдауда әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету; -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға баулу; -Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру; -Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка Аптасына 1 сағ 1 «Ғарыш әлеміне саяхат» 2 «Мен ғарышкер боламын» 3 «Құстар біздің досымыз» 4 «Гүлдер алқабында»	-Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру; -Ән айтуда әннің сөзін түсініп орындауға, көңіл-күйін жеткізе білуге үйрету; -Балалардың таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру; -Металлафон аспабында (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка Аптасына 1 сағ 1 «Ана- өмір шырағы» 2 «Бесік жыры» 3 «Наурыз-жыл басы» 4 «Домбыра сазы»	- Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету; -Жеке және топпен ән орындауда дауыс диапазонын жетілдіру; -Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау; -Қазақ халқының сыбызғы аспабының үнін тану, басқа аспаптардан ажырата білу.

Сәуір	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Музыка	-Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету;
	<i>Аптасына 1 сағ</i>	-Ән айтуда , қарқынды ән орындауда бір-бірін тыңдап, естіп орындауға дағдыландыру;
	1 «Аңдардың айтысы»	- Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау;
	2 «Құстар-біздің досымыз»	-Балалар музыкалық аспаптарын ойындарда, қарапайым ырғақ соғуда қолдану.
3 «Бақшадағы ән-сауық»		
4 «Көктем әндері»		

Мамыр	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Музыка	- Музыка тыңдауда балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу;
	<i>Аптасына 1 сағ</i>	-Ән айтуда негізгі ережелерді: бірге орындаушыларды, аспаптың сүйемелдеуін, сөздің мағынасын, әннің көңіл-күйін есте ұстап орындауға дағдыландыру;
	1 «Достығымыз жарасқан»	-Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау;
	2 «Ел қорғауға әзірміз»	-Танып білген музыкалық аспаптарды үнінен ажырата білу.
3 «Ән салып, би билейміз»		
4«Біз мектепке барамыз»		
Нормативтік жүктеме		Аптасына 2 сағат Айына 8 сағат Барлығы 72 сағат